

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2025 жылғы 19 ақпандағы
№ 47 бұйрығымен
бекітілген

**«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру
компаниясы» акционерлік қоғамының жарғысына
өзгерістер мен толықтырулар**

1. 66-тармақ:

1) 2) тармақшада «бірінші басшы (басқарма төрағасы)» деген сөздер «атқарушы органның басшысы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған.».

2. 71-тармақ:

«отырып,» деген сөзінен кейін «Жалғыз акционермен» деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ерекше жағдайларда алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізіледі».

3. 72-тармақтағы «Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе Қоғамның Жалғыз акционері айқындаған өзге де мерзімде Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізіледі.» сөздер алып тасталсын.

4. Мынадай мазмұндағы 78-1-тармақпен толықтырылсын:

«78-1. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауапты, Директорлар кеңесінің оның негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, Жалғыз акционер және Қоғамның Басқармасы арасында конструктивті диалог құруды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына бейімделген, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде ден қоя алатын кәсіпқойлардың бірыңғай тобын құрады.

Директорлар кеңесі төрағасының рөлін орындау үшін кандидат кәсіби біліктілігі мен тәжірибесімен қатар көшбасшылық, ынталандыру, әртүрлі

көзқарастар мен тәсілдерді түсіну, жанжалды жағдайларды шешу дағдылары сияқты арнайы дағдыларға ие.

Директорлар кеңесі төрағасының негізгі функцияларына мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдер қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;

3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз ету;

4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз ету;

5) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде акционермен консультациялар ұйымдастыруды қамтитын акционермен тиісті коммуникация және өзара іс-қимыл құру;

6) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылданған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету;

7) корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда оларды шешу және Қоғамның қызметіне теріс ықпалды азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерді уақтылы хабардар ету.».

5. 79-тармақтағы 10-1) және 10-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«10-1) актуарий(-лер)ді тағайындау және оның (олардың) өкілеттігін тоқтату, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысы(-лары)ның мөлшер(-лер)ін және сыйақы шарттарын айқындау;

10-2) Комплаенс-бақылау қызметінің басшысын және қызметкерлерін (бар болса) тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның (олардың) өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ оның (олардың) лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;».

6. 126-тармақтың 5) тармақшасында:

1) «Актуарлық есептеулер және талдау қызметі» деген сөздер «Комплаенс-бақылау қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) «Комплаенс-бақылаушыны» деген сөздер «актуарий(-лер)ді» деген сөзбен ауыстырылсын.

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы



Қ. Мұқажанов

Утверждено
приказом Министра труда и
социальной защиты населения
Республики Казахстан
от 19 февраля 2025 года
№ 47

**Изменения и дополнения в устав
акционерного общества «Компания по страхованию
жизни «Государственная аннуитетная компания»**

1. Пункт 66:

- 1) в подпункте 2) слова «первым руководителем (председателем правления)» заменить словами «руководителем исполнительного органа»;
- 2) дополнить подпунктом 3) следующего содержания:
«3) совершившее коррупционное преступление.».

2. Пункт 71:

- 1) после слова «рассмотрению» дополнить словами «Единственным акционером»;
- 2) дополнить частью второй следующего содержания:
«В исключительных случаях допускается избрание на срок более шести лет, при этом избрание такого лица в Совет директоров Общества происходит ежегодно, с подробным разъяснением потребности избрания данного члена Совета директоров и влияния данного фактора на независимость принятия решений.».

3. В пункте 72 слова «В исключительных случаях допускается избрание на срок более девяти лет, при этом избрание такого лица в Совет директоров Общества происходит ежегодно или в иной срок, определенный Единственным акционером Общества, с подробным разъяснением потребности избрания данного члена Совета директоров и влияния данного фактора на независимость принятия решений.» исключить.

4. Дополнить пунктом 78-1 следующего содержания:

«78-1. Председатель Совета директоров отвечает за общее руководство Советом директоров, обеспечивает полную и эффективную реализацию советом директоров его основных функций и построение конструктивного диалога между членами Совета директоров, Единственным акционером и Правлением Общества.

Председатель Совета директоров создает единую команду профессионалов, настроенных на рост долгосрочной стоимости и устойчивое развитие Общества, умеющих своевременно и на должном профессиональном уровне реагировать на внутренние и внешние вызовы.

